

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 118 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 177 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 тамызда № 5159 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң                    е ск е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 118 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 4550, 2016 жылғы 27 маусымдағы № 68 (17308) "Дидар", 2016 жылғы 9 маусымдағы № 68 (19820) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулыға 1 қосымша осы қаулыға 1 қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған қаулыға 2 қосымша осы қаулыға 2 қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған қаулыға 3 қосымша осы қаулыға 3 қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған қаулыға 4 қосымша осы қаулыға 4 қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының

әкімі

Д. Ахметов

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Шығыс Қазақстан облыстық

мәслихатының хатшысы

B. Головатюк

2017 жылғы "\_\_\_"

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2017 жылғы "17" шілде

№ 177 қаулысына

1 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің 2016 жылғы

"20" сәуірдегі

№ 118 қаулысына

1 қосымша

## **Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Басқарушы персонал: денсаулық сақтау ұйымының басшысы мен оның орынбасары, клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің менгерушілері, дәріхана (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) менгерушісі, басшының әкімшілік-шаруашылық бөлік және мейіргер ісі жөніндегі орынбасары.

2. Негізгі персонал: мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), медициналық мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс техникі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі (стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикалист, емдік денешінің тиражындағы нұсқаушы, диеталық мейіргер.

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2017 жылғы "17" шілде

№ 177 қаулысына

2 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің 2016 жылғы

"20" сәуірдегі

№ 118 қаулысына

2 қосымша

## **Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Басқарушы персонал: аудандық және қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы, стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы (арнаулы әлеуметтік

қызмет көрсетеу орталықтары коммуналдық мемлекеттік мекемелер), аймақтық әлеуметтік қызмет көрсетеу орталығының (күндізгі болу жағдайындағы үйде әлеуметтік көмек көрсетеу бөлімшелері), арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеу орталықтарының облыстық маңызы бар ұйымының құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары (арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеу орталықтары жанындағы күндізгі болу ұйым басшысының орынбасары).

2. Негізгі персонал: біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер, фельдшер, медициналық мейіргер, фармацевт, диеталық мейіргер, барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, дефектолог, логопед, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеу орталықтарының (ұйымдардың) әдіскері, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметтінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік қызмет жөніндегі консультант, иппотерапия жөніндегі нұсқаушы-әдіскер, емдік денешынықтыру жөніндегі маман, жүзу жөніндегі нұсқаушы, музыкалық жетекші, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы.

### 3. Әкімшілік персонал: кітапханаши.

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2017 жылғы "17" шілде

№ 177 қаулысына

3 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің 2016 жылғы

"20" сәуірдегі

№ 118 қаулысымен

3 қосымша

## **Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Басқарушы персонал: облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің басшысы, басшының орынбасары, облыстық маңызы бар әдістемелік кабинеттің басшысы және басшының орынбасары.

2. Негізгі персонал: техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушысы мен әдіскері, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, арнайы (түзету) және мамандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандық мұғалімдері, дефектолог-мұғалім (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), логопед-мұғалім, алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, орта білімінен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шебері, вожатый, тәрбиеші, нұсқаушы-әдіскер,

дене тәрбиесі нұсқаушысы, музикалық жетекші, қосымша білім беру педагогы, ұйымдастыруши педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, хореограф, сүйемелдеуші.

3. Негізгі персонал: мемлекеттік мекемедегі және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындағы басшы (менгеруші): кітапхана, лагерь, интернат, шеберхана, оқу-әдістемелік шеберхана, кітапханашы, концертмейстер, көркемдік жетекші.

4. Көмекші персонал: кезекші әкімші.

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2017 жылғы "17" шілде

№ 177 қаулысына

4 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің 2016 жылғы

"20" сәуірдегі

№ 118 қаулысымен

4 қосымша

## **Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Басқаруши персонал: мәдениет пен архив ісі саласындағы мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорнының басшысы мен басшы орынбасары, сектор, бөлім, филиал басшысы.

2. Негізгі персонал: мамандар, оның ішінде архивист, археограф, экскурсовод, барлық атауы бар әртіс, әдістемеші, балетмейстер, кітапханашы, барлық атауы бар суретші, музикалық жетекші, режиссер.

3. Экімшілік персонал: мәдени ұйымдастыруши, қор сақтаушысы, архивариус, инспектор.

4. Көмекші персонал: мұражай қараушысы.